




«Атыңнан айналайын, ҚАРҚАРАЛЫ!»

«Арқаның алтын тәжінің» пайда болу тарихы» деген атаумен газетіміздің өткен нөмірінде (№ 4, 25 қаңтар, 2024) Орталық Қазақстан академиясы ұйымдастырған «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ұйымдастыру комитетіне Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты директоры Зиябек Ермұқанұлы Қабылдиновтен келген «Қарқаралының жасын қай уақыттан бастаған дұрыс?» хатын жариялаған едік.

Қолымызда тағы бір хат бар. Ол — Тарихшылардың ұлттық конгресі басқармасы басшылығы атынан Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ерлан Сайлаубай мырзаның «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ұйымдастыру комитетіне және Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Бейсембайұлы Құсайынның атына жазылған хат. Хаттың жазба және қағаз жүзіндегі нұсқасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.



«Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ұйымдастыру комитетіне, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімі Құсайын Ерлан Бейсембайұлына

Үстіміздегі жылдың 9 маусымында Орталық Қазақстан академиясының базасында «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтіп, онда Қарқаралы тарихы қай жылдан бастап есептелгені дұрыс деген мәселе бойынша қарар қабылдағанынан хабардармыз. Онда көрнекті ғалым, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы еңбектеріне, сонымен қатар республиканың белгілі ғалымдарының зерттеулеріне сүйене отырып, Қарқаралы тарихын Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау мақсатында бұйрығы шыққан 1824 жылдан бастамай, 840 жылдан бастап есептеп, 1185 жылдығы 2025 жылы атап өтілуі тарихи шындыққа сәйкес келетіндігі дәлелденген.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның осы қарарына көптеген ғылыми мекемелердің қолдау білдіріп жатқанынан хабардармыз. Сонымен қатар бұл шешімнің дұрыстығы туралы мақалалар баспасөз беттерінде, атап айтсақ, «Егемен Qazaqstan» (2023, 5 маусым, № 104), «Ortalyq Qazaqstan» (2023, 15 маусым), «Arqa Aqshamy» (2023, 18 мамыр) және «Qaraqandy Nahary» (18 мамыр) газеттерінде жарияланған болатын.

Сонымен қатар «Хабар 24» (<https://youtu.be/4MEнLukUy4>), «SARYARQA» (<https://saryarqatv.kz/kz/news/29587>) телеарналарында хабарлама шыққаны белгілі.

Қазақстанның киелі мекені — Қарқаралы тарихын қай жылдан бастап есептеу қажеттігі мәселесінде Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау мақсатында шығарған 1824 жылғы бұйрықтың уақытынан бастап емес, республиканың белгілі ғалымдарының ғылыми-зерттеулерінің нәтижелерін талқылап шешім шығарған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның қарарын қолдайтынымызды білдіреміз.

Тарихшылардың ұлттық конгресі басқармасы атынан да мемлекеттік маңызы зор, идеологиялық мағынасы бар бұл шешімді дұрыс деп санаймыз.

Ерлан Сайлаубай,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент»